



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНҒЫСЫ КЕЛЕДІ

Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтары өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін емделуге, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе компанияларды қаржылық басқаруға беру үшін пайдалана алады. **Мүмкіндік болған жағдайда қазақстандықтар өздерінің зейнетақы жинақтарын қалай пайдаланар еді?**

Бұл сұрақ 2022 жылдың ақпан айында ҚСЗИ өткізген аймақтық әлеуметтік мониторинг барысында қойылды.

Зерттеу нәтижелері **респонденттердің 6,2% өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдаланғанын көрсетті**. Олардың 67,9% жинақталған қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, 29% емделуге, 3,1% қаражатты қаржы компанияларына басқаруға жұмсады.

Зейнетақы жинақтарын пайдаланудың қосымша мақсаттары туралы айта келе, сауалнамаға қатысқандардың 12,4% **балалардың жоғары білім** алуына пайдаланғысы келетінін білдірді. Әрбір оныншы адам өздерінің есебінен **қолданыстағы тұтынушылық несиелерді өтегісі** келетіні белгілі болды. Зейнетақы жинақтарын пайдаланудың қосымша мақсаты ретінде 8,5% **автокөлік сатып алуға** жұмсауды көздеп отыр.

Респонденттердің 44,4% сауалнамаға жауап бере отырып, зейнетақы жинақтарының қажетті көлемі (шегі) жоқ екенін мәлімдеді. Әрбір оныншы адам мұндай мүмкіндік туралы алғаш рет сауалнама кезінде ғана естігені белгілі болды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН ПАЙДАЛАНДЫ

- 67,9% ТҰРЫҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА
- 29,0% ЕМДЕЛУГЕ
- 3,1% ҚАРЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫНА БАСҚАРУҒА БЕРДІ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТЫРЫН ҚОЛДАНҒЫҒЫЗ КЕЛЕДІ МЕ

- БАЛАЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҮШІН
- ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НЕСИЕЛЕРІН ӨТЕУ ҮШІН
- АВТОМОБИЛЬ САТЫП АЛУ ҮШІН
- ТУЫСТАРЫНА БЕРУ ҮШІН

